

ҚАЗАҚ

1913-1918 ж.ж.

№1-265.



# ҚАЗАҚ

Ұлт газеті • National newspaper

№1 (358)

4 қаңтар, жұма,  
2008 жыл.

Газет 1913 жылдың  
2 ақпанынан шыға  
бастады

## ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Бауыржан Момышұлының 30 томдығының даярланып жатқанын оқушы жұртшылық жақсы біледі. Осы мәселенің басы-қасында жүрген көрнекті ғалым, профессор, филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахмет: — Дәл қазір Бауыржан Момышұлының 27 томын толық даярлап, баспаға өткізуге әзірлеп қойдық. Қалған үш томын енді көп ұзамай бітіреміз. Бұл 30 томдықтың тең жартысына жуығы — бұрын-сонда баспа бетінде, баспасөз жүзінде жарияланбаған дүниелер. Мәселен, осы 30 томдықтың 3 томы — Б. Момышұлының тек күнделіктері. Тағы 3 томы —

## Бауыржан Момышұлының 30 томдығы жарық көрмек

Баукеннің әдебиет, мәдениет, өнер өкілдерімен жазысқан хаттары. Мұның ішінде Баукене жазған қыз-келіншектердің, белгілі актрисалардың хаттары да аз емес. Негізінен, Б. Момышұлының 30 томдығын даярлауға 11 ғылыми қызметкер қатысты. Осы 11 қызметкер біраз жыл

үзбей, жемісті еңбек етті. Жамбыл облысының бұрынғы әкімі, белгілі қайраткер, әдебиет пен мәдениеттің үлкен жанашыры Серік Үмбетов мырза бізге қаржылай да рухани да қолдау көрсетіп отырды. Қазіргі әкім де оң қабақ танытуда. Бауыржан Момышұлының күллі архиві менде. Баукең бұл архивті көзі тірісінде өз қолымен маған тапсырып кеткен еді. Осы архивті жүйелеп, екішеп, саралап, томдықтарға енгіздік. Бауыржан Момышұлының осы 30 томдығы біздің әдеби-мәдени кеңістігімізді байытып, құнарландырып қана қоймайды, сонымен бірге біздің елдік, ұлттық рухымызды да биікке көтереді. Мен бұған кәміл сенем! — деді.

Оқушы назарына ұсынып отырған Момбек Әбдәкімұлының бұл «Естемес би» деп аталатын үзіндісі оның жаңадан жарық көрген кітабынан алынды. Романның бас кейіпкері — Естемес би. Ол өткен ғасырда өмір сүрген атакты тұлға. Айта кетерлік жәйт, осы кітаптың жазылуына кезінде бүгіндері аразында жоқ, айтулы азамат, белгілі ғалым, Естемес бидің немересі Жамбыл Қапарұлы (суреті газетте жарық көріп отыр) ұйытқы болған екен. «Орнында бар оналар» дегендей, кейін осы кітаптың шығуына ғалымның жұбайы Фаузия Сұлтанқызы мен оның балалары Нұрлан, Нұржан өз үлестерін қосыпты. Автордың кітабына жазушы Мұхтар Мағауин алғысөз жазған.

Он тоғыз бен жиырма бес жас аралығында Қокан хандығының қол астындағы қазақ-өзбек жұртының басындағы аласапыран кезеңнің бел ортасында болып, қазақ азаттығын ансаған Байзақ, Дауыл, молда Қошық, Сыздық сынды дарабоз тарландардан үлгі-өсиет алып, солардың ісін жалғастыруға ұмтылған, бірақ та замана ауанының ығынан шыға алмай, ғұмыры өкінішпен нем арманмен өткен Естемес бұл күнде қартайған. Баяғыда Сыздықтан ажырағаннан кейін ол туған ауылы Атбұлаққа оралған. Қазақты орыс басып, далаға сол орыстың заң-зәкүндері дендеп ене бастағанда, қазақ азаттығынан күдер үзген Естемес, сонау Қарату мен Арыстан бергі далалықтарды бір орталыққа бағындыру мақсатында Тәшкенде алдымен Сырдария губерниясы құрылды. Ал жана орыс санағы бойынша 1868 жылы Шымкент өлкесі Сырдария облысына қарасты Түркістан уезі деп аталды. Оған Шарапхана мен Түлкібас, Түркістан мен Созақ аралығындағы өңірлер түгелімен кірді. Түркістан уезінің бастығы болып, бұрын Шымкент пен Тәшкенді басып алған Черняев тағайындалды. Осы Черняев Шымкент уезінің генерал-губернаторлығынан кеткенше, Естемес оған бағынбады. Тек оның орнына Гродеков деген генерал келгенде ғана Естемес ақ патша ұлықтарына деген көзқарасын өзгертті. Оған Гродековтың іс-әрекеттері себеп болды.

...Черняев уезінің бастығы болып тұрған кезінде жергілікті қазақтармен санаспады. Оның далалықтарды билеудің ақ патша саясатының мүддесіне орай шығарған ұставы жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне тым қайшы келді. Мәселен, ол ұстав бойынша Русиядан көшіп келген орыс жұмысшылары өздеріне ұнаған кез-келген жерге орналасуға құқылы болды. Ал жазда ат арбаларын, қыста өгіз шаналарын қомыт-қомыт жүктерге толтырып, қазақ даласына ағылып келіп жатқан орыс жұмысшылары алдымен Шымкентке топтасты да, бір-екі жыл көлемінде жан-жаққа тарасып, сулы, нулы жерлердегі қазақтарды шөлді далалар мен тау қуыстарына қуалап, өздері жанға жайлы тал-дарактары мол, егістікке ыңғайлы мекендерге орналасып алды. Құры байбалам салып, ойбайлаудан басқа қолынан түк келмейтін қарусыз, қауқарсыз сорлы қазақ, арбаларындағы жүктерінің астында да, арқаларында да бір-бір мылтығы бар орыс жұмысшыларынан қашып, төбе етектері мен қу медиен далаға қоныс аударды.

Қокан бектері қанша зылым болса да, қазақты отырған жерінен қумайтын. Ал өз ұлықтарына арқа сүйеген орыс жұмысшылары мұндайға ашық түрде барды. Тіпті олар қарсыласқан қазақты атып тастауға да ерікті болды. Генерал-губернатордың ұставы бойынша бұндай қылмысқа тосқауыл қойылған, тиым салынған. Алайда бұл үшін кімге шағымдануды білмейтін жазған қазақтың дымы ішінде. Мылтық асыңған ақ патша жұмысшы ауылға төбесін көрсетсе болды, үй-жайларын тастап, қолдарына іліккен мал-мүліктерін айдап, қыр асып, қашуды әдетке айналдырды. Борал-

дай, Арыс, Бөген, Түлкібас өңірлеріндегі шұрайлы да шырайлы жерлер айналасы екі-үш жылдың ішінде осындай келімсек орыс жұмысшыларының қоныстарына айналып шыға келді. Онысымен қоймай олар дала қазақтарын зорлап жұмысқа жекті. Егістігіне жазатайым түсіп кеткен қазақ малдарын атып тастай сап, етін иелеріне қайтармай қойғаны былай тұрсын, көкөнісін жеген мал үшін үстеме айып алып отырды. Ілкіде Қоканнан бір, жергілікті шонжарлардан бір үркіп, әбден рухы басылған жалтақ қазақ, қорқақ қазақ бір жаны үшін олардың айтқанын орындауға мәжбүр.

Ақ патша жұмысшылары өздері келіп орныққан жер-су аттарын өзгертті. Ауыл, жер аттарының қазақша ұғымға сай атауларын өшіріп, өз көсем-басшыларының аттарымен атайтын болды. Қазақтарды атып өлтірген қанішер жұмысшылардың да атымен аталған мекендер де көбейді. Мұжық көсемдерінің атына көшкен мекендер әсіресе Қарату мен Түлкібас манында жаңбырдан соңғы саңырауқұлақтай қаптап кетті...Ой, Құдай-ай, қазір сол өңірлердегі ескі ауылдар атауларының бәрі өшіп, Михайловка, Ильиновка, Самсоновка, Кременевка, Александровка, Леонтевка, Орловка, Сергеевка, Антоновка, Дмитриевка, Глинково, Георгиевка, Дудановка, Алексеевка, тағы сол сияқты орыс ұлықтары мен жұмысшыларының ата-тегімен аталып жүр. Осы елді-мекендердің бәрі сулы, тоғайлы көркем жерлер. Ол жерлердің тұрғындарын жұмысшылар айналасы тастақты, болмаса шөлейтті далаға қуып жіберген.

Черняев отряды Тәшкенді алған соң елге оралған Естемес ауылын Атбұлақ көзінің енісіндегі жазыққа түсірді. Еніс басында ілкіде, Қокан хандығының кезінде қыш құятын орын бар еді. Естеместің бала кезінде сол қыш құятын орын дуалмен қоршаулы тұратын. Осыған қарап, жұрт жерді «Қышқорған» деп атайтын. Баяғыда Қокан адамдары сол «Қышқорғаннан» арба-арбаға қыш артып, Сайрам мен Сұлтанрабатқа, Рабат пен Шарапхана жаққа алып кетіп жататын. Рабаттағы әлі күнге дейін тұрған орасан керуен сарай, Шымкенттегі зәулім-зәулім үйлер мен шайханалар осы жердің қышынан тұрғызылғанын Естемес біледі. Кейін Қокан хандығы құлаған кезде «Қышқорған» да жұмысын тоқтатқан. Ауылын еніске түсіргенде Естемес «Қышқорғанда» тау-тау боп үйіліп жатқан қыштармен ағайындарына Қоканда үйреніп келген тәсіл бойынша там салуды үйретті. Енді жұрттың көпшілігі бұрынғыдай жеркепе-шошаларда тұрмай, екі-үш бөлмелі қоржын тамдарда тұра бастады. Ауылдың біраз жігіттерін көрік басу ісіне баулыды. Ақпан батырдың інісі Жаныстан туған Қошан, Пошан, Егіз, Досандар бұл істі демде игеріп, азғана уақыттың ішінде темірден түйін түйетін шеберлерге айналды. Естеместің басты мақсаты — ауылдан мешіт ашып, бала оқыту еді. Осы мақсатын іске асыру үшін тасбастау үстіндегі жазықтан үлкен мешіт тұрғызып, отызшақты бала оқытты. Ол мешіттің құрылысына да «Қышқорған» дуалының қыштары пайдаланылған-ды. «Қышқорған» қыш-

тары таусылғанда ол жер Қараменде атадан тарайтын ұрпақтардың моласына айналды. Онда алғаш рет Дауыл бидің інілері — Қосбармақ пен Түйебай жерленді. Мәнеке мен Сатыбалды да, Құрбан мен Ботша да сонда...

Жер бетіндегі қай халықтың да бар өзара дау-дамай қазаққа сөзбен шешіледі. Ең ары кетсе, күн төлеумен шектеледі. Естемес елге оралғалы Қазығұрттың ар жақ, бер жағындағы, тіпті сонау Шаян мен Шапқаққа дейінгі аралықтағы үлкенді-кішілі дау-дамай мұнсыз шешілген емес. Содан мұны жұрт бала оқытқанына орай ұстаз Естемес дегенді қойып, Естемес би деп атайтын болған.

Естемес ел ішінде бір таусылмайтын талас-тартыстар мен дау-дамайларға үйреншікті, қалыпты жағдай ретінде қарап, онша елендей бермейтін. Өйткені, бұндай ит-жығыс тартыстар ел болғасын болып тұруы шартты һәм жиі қайталанатын ішкі жанжалдар. Ол басқа, айналада белен алып бара жатқан қазақты тіршіліктің шырқын бұзған жағдайларға аландайтын. Әсіресе бөтен елден келіп, қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алып жатқан орыс жұмысшыларының басынуына іші қазандай қайнап, қатты аландайтын. Осы аландауының себебімен жұрт өздерін әлі бұрынғы Қокан лауазымымен датқа деп атайтын, әрі ел тұтқасын ұстаған Қасымбек, Төртбай, Шінәлі, Нұр, Кеншім, Тұрлыбек, Сәбек сияқты билерді бір жерге жиып, көкейіндегі мәселені сөз еткен. Бірақ Сәбек пен Кеншімнен басқа ешкім мұның ұсынысын қолдай қойған жоқ. Қасымбек, Төртбай, Шінәлі, Нұр бесеуі «Орыс жұмысшылары кей ауылдарды басқа жаққа ығыстырып орныққаны болмаса, жалпы, тыныш қой. Біз де тыныш жүре берейік те», — дескен. «Онда ауылдарының іргесінде қойларынменқосып, шошқа баға беріңдер», — деген Естемес Кеншім мен Сәбекті ертіп, Шымкент уезінің бастығы генерал Черняевке келген.

Генерал бұларды үш күн бойы күттірді. Төртінші күні оның алдына кірген Естемес

оған өзін мазалаған ойларын айтқан. Генерал көп сөйлеспеді. Тіпті Естеместің сөзінде құлағына ілмей, өзінің тығыз шаруасы бар екенін айтып, адьюданыты арқылы кабинетінен шығарып жіберген.

Генералдан тауы шағылып қайтқан Естемес қанына қарайып, өз ауылының маңына бір де бір жұмысшы жақындатпай қойды. Әйтпесе орыстар Ақбұлақтың көзі мен Ақбура тоғайының төменгі жағында Біркөлік пен Жылағаната маңында Қасқасу мен Бадам Көкібел мен Келестік бойында бірнеше мекендер салмақ болған. Сол жылы Естемес осы өңірдегі қазақтарды түгел көтеріп, бірнеше жүздеген жігіттерді жиып, келімсектердің бетін қайтарған. Сол себепті Қазығұрт мыңында ешқандай орыс ауылы орнықпады. Ешқандай елді-мекен олардың атымен аталмады. Сәбек басқарған Шарапхана маңы да солай болды. Орыстар ол жерге де қызықпай қалған жоқ. Қол бастаған Естемес пен Сәбекке ерген қалың қазақ оларды жолатпай қойды.

Черняев Естемеске қарсы шара қолдануға қаймақты. Көп ұзамай өзі Петербургке кетіп қалды да, орнына Гродеков деген әскери губернатор келді. Гродеков Черняевтай емес, жергілікті халықтардың мұн-мұқтажына көңіл бөліп, санасып отырды. Естемеспен жақсы қарым-қатынаста болды. Тіпті ол Естеместі уезд кенесіне қызметке де шақырды. Бірақ бұл одан бас тартып, «Заманына қарай туылған бала осы» деп, Есенқұлдың Тәжібайын Гордековтың қарамағына берді. Тәжібай уезд кенесінде Кенес өкіметі орнағанша қызмет етті...

1888 жылы патша ұлықтары қазақтар арасында болыс сайлауын жүргізді. Алғашқыда жиырма бес ауылға бір болыс сайланды. Атбұлақ ауылы жоғарғы Бадам болыстығына кірді. Жиырма бес ауылдың жұрты Естеместі бір ауылдан болыстыққа сайлады. Алайда екі жылдан кейін өткен болыс сайлауы кезінде тағы сайлауға түсуден бас тартып, орнына Момбекұлы Қасымбекті ұсынды. Өзі би дәрежесінде қалды.

1905 жылы Жаныс бірлестігіне жататын

Естемес би салған мешіт Отан соғысы жылдары өртеніп кеткен. Сол мешіттің орнына немересі Жамбыл Қапарұлы осы мешітті 1999 жылы жаңартып салдырған.




## ЖАҢА КІТАПТАР

## Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы

Қазақстан қалай дамиды? Қандай бағыт ұстанады? Шығыс пен Батыс құндылықтарының қайсысын таңдайды? Жаһандану дәуірінде өзіндік жолмен жүре ала ма, сол жолды таба ала ма? Қайтсе табады?

Сонғы кезде осындай сұрақтар қазақ зиялыларын мазасыздандырып жүргені анық. «Өлке» баспасынан жарық көрген ғалым Жанұзақ Әкімнің «Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы» кітабы да осы сауалдарға жауап іздейді.



## «ЖЗЛ» сериясымен шықты

Мәскеуден атышулы сериямен тағы бір кітап шықты. Кітап «Евней Букетов» деп аталады. Баяғы серия. Сол баяғыдай безендірілген. Қап-қалың алты жүз беттік кітап. Ұлтымыздың бір алыбы туралы. Осымен Қазақ елінің ұлы тұлғалары жөніндегі жетінші өмірбаяндық басылым жарық көріп отыр. Авторы қазіргі көрнекті қаламгерлеріміздің бірі — Медеу Сәрсекке. Кітапты шығаруға қаржы бөлген кім дейсіз ғой? Қазақтың руханият әлемінің қара нарлары Иманғали, Қырымбек, Мұхтар секілді облыс әкімдеріне алғыс айтатын болдық. Қарағанды облысының әкімі Нұрлан Нығматуллин басылымның барлығын төлепті. Әкім мырзаларға зор алғыс!

## БИ

Өз-өзімен онаша болып өмірі туралы, сондай — ақ қазақ келешегі қандай болар екен деп ойға шоматын Естемес қарт атына мініп, баяғы балалақ шағы өткен Атбұлақ бастауының басына келді. Атының түсіп, бастау жағасына жайғаса отырып, өткен өміріне көз жіберіп, ойға шомады.

Осы жерге келгенде Естемес ылғи да бірінші Дауыл атасын еске алады. Содан соң осы бастау басында қаз қатар қонған баяғы ауылды көз алдына елестетеді. Шіркін-ай, сол ауылға кімдер, келіп кімдер кетпейтін. Осы кішкентай ғана ауылда қандай даулар шешілуші еді. Осы ауылдан алғаш рет Төшкенге үлкен дауға аттанып еді. Сол даудың соңы мұны үлкен өмірге тап қылған. Коканда жүрген күндерін, сол жерде жүріп талай нәрсе үйренгенін, ата-бабаларының аяқтары баспаған өлкелерге сапарлаған кездерін Естемес өмірінің үлкен бөлігі деп қарайтын. Онда жүріп небір қиыншылықтар мен қантөгіс соғыстарды, зұлымдықтар мен қан майдандарды көрсе де, өмірінің сол кезеңін өз ғұмырының шыңдалуы деп білді. Одан кейін де қаншама дау-дамайға араласты-ау.

Естемес ойланып отырып, жас кезінде болмаса да, кейінгі уақыттардағы көзі көрген игі жақсыларды еске алады. Момбек пен Байзақты, Ақмолда мен Шымырбайды, Дөнбай мен Тұртаны, Сәбек пен Кеншімді, молда Қошық пен Сыздық тәрізді елім деп енірген ерлермен сұхбаттас,

табактас, үзегілес болған шақтарын көз алдынан өткізіп, емірене, тебірене ойына оралтатын. Сыздық жарықтық Төшкеннен кейін ақ патша адамдарымен тағы он жылдан аса соғысып, ақыры ойлаған арманына жете алмай, осында оралды. Орыс ұлықтары оны кешіріп, Арыс бойындағы Ханқорған деген төбенің маңынан жер бөліп берді. Естемес болыс боп тұрғанда онымен аралас-құралас болып тұрды... Иә, қазір осы кісілердің барлығы бақилық болған. Қарап отырса алақ-үйінды, аласапыранды сол замандағы атқа мінген, атқа қонған азаматтардан жалғыз өзі-ақ қалған сияқты.

Бұлақ басында отырған Естемес терең күрсінді. Ойына Тұрта оралды. «Оймауыттан озып туған Тұрта жарықтық, кісіліктің парқын білетін есті жан еді. Қайбір жылы, ойпырмай, оның болғанына да отыз жылдан асып қалыпты-ау, осында бір үлкен дау болып, соны Тұрта екеуіміз айтыспай-ақ, қимылмен ұғысып шешіп едік-ау. Қалай болған еді өзі...»

Иә, нақтысы енді есіне түсті. Ақбураның арғы жағындағы бел үстінде көпір болып, оның соңы үлкен жанжалға ұласқан ғой. Жанжал арты белдің арғы жағы мен бергі жағы жігіттерінің жақ-жақ төбелесіне айналған. Төбелес үстінде Тұрта ауылының екі жігіт өліп, бірнешеуі жараланған. Содан өлік шыққан жақтағылар боздақтарын жерлеп болған соң, Қазығұрт етегіндегі Қарақия мен Қаратөбе, Жарбастау ауылдарына келіп күн сұрайды. «Әр өлген жігітке жүз жылқыдан, жүз қарадан, үш жүз қойдан бересіндер. Ал қолы сынып, көзі шыққан жетеудің бас-басына он жылқыдан, бес қарадан, жиырма

қойдан төлейсіндер. Айтылған құнды бес күннің ішінде жинап бересіндер. Бермесіндер, қол жиып келіп, ойрандарыңды шығарамыз» дейді ғой.

Естемес бұл оқиға болған уақытта Шаян жақта жүрген еді. Әлгі хабарды жеткізген шабарманмен ауылға суыт келген бұл, бар жағдайды есіткен соң: «Күн сұрағандар Тұрта ауылының адамдары ма? Жарар онда. Басқа ауылдардың билерін бұл дауға араластырмай-ақ қояйық. Бәрін өзім реттеймін, — деп еді Естемес сонда. — Ертен біреуін Келес бойына барындар да, күн сұрап, ойранымызды шығаратын жігіттерге, «Тұрысатын жерлерінді айтындар» деп хабар беріп келіндер. Қай жерге тұрысатынын айтса, сол жерге мені апарып қойындар да, сендер қол жиып, бергі шетте тұра беріндер». «Ойбай, біз қанша қол жинасақ та, олардан төрт-бес есе кембіз ғой. Сізді тындамай бізге бассалса, түгімізді қоймай, түтіп жіберер», — деп шу еткен жігіттер. «Маған үміт артып, сеніп тұрсындар ма? Олай болса, айтқанымды істендер!» — деген Естемес.

Ертесіне кешке Келеске кеткен шабарман келіп: «Құныкерлердің қолы бүрсікүні түсте Ақбураның үстіндегі жазықта тұратын болды» — деп хабарлаған. Естемес дереу атқосшыларына әмір беріп, қос атқа арба жектіріп, шабарман айтқан жерге түнделетіп жеткен. Бір күннен соң Ақбура белінің арғы жағынан қалың қол көрінген. Қол алдарындағы жазықта тұрған биік шарабалы арбаны көріп, тосылды. Естемес шараба жиегінен сығалап қараса, қол алдында Тұрта бар екен. Өз серіктерімен біраз сөйлескен ол арбаға жақындады. Тұрта арбаға таянған кезде Естемес қолына ақ шүберек алып, қолын шарбадан шығара тік көтерді. Одан соң көк шүберек көтерді. Оны сәл ұстап тұрды да, қолын төмен түсіріп, қызыл шүберек көтерді. Қызылдан кейін қара шүберекті аналарға көрсетіп, ары-бері бұлғактата желбіретті.

Арбадан жиырма қадамдай жерде тұрған құныкерлер: «Мынаның ішінде шүберекпен ойнаған шайтан жатыр ма, несі?» десіп күлісті. «Доғарындар күлкіні! Арба ішінде тегін адам жатқан жоқ. Егер осы жатқан кісі Естемес би болса, енді ол біздің бетімізді қайтарып қойды», — деді бір кісі. Естемес осылай деген кісіні дауысынан таныған. Сөйлеген Тұрта еді. Ол шауып келіп, арба ішіне көз салды. Естеместі көрген Тұрта: «Ассалаумағаллейкум, би-еке. «Ауырған жазылады, жатқан тұрады» деуші еді. Ал өлген не қылады?» — деді. «Тірісінде жақсы болса, өлген жұмаққа барады, жаман болса, дозаққа барады. Тірілігінде тентек болғанда, өлгенінде «пейішке кіргізе көр» деп Аллаға жалынған молда жаман. Таяқтан өлген өпербақан бұзығына төрт-бес есе күн сұраған датқа жаман. Жана төрт түрлі шүберек көрсеттім. Соның мәнісін ұқсаң, кері қайт. Ертен біздің жігіттер екі өлік пен жеті жаралының құнына отыз жылқы мен отыз қара, елу қой айдап барады. Осыны қанағат қыл!» — деген Естемес.

«Айтқаныңыз жөн, би-еке, — деген тереңнен толғап сөйлейтін Тұрта. — Алғашында сабырсыздық пен ашудың жетегіне еріп, аузымызға сыйған құнды айта салып едік. Енді сол айтқанымызды ала алмайтынымызды білген соң, «дауға кімді салар екен» деп, қайтпай келе жатқан бетіміз еді. Қайтпаған себебіміз — өңкей сөз білмейтін, жөн білмейтін, ойы жолақ, тілі олақ, кісі қатарындағы біреулермен даугер болыппыз. Сіздей есті кісіні араға салмағанына қайран болып, ойымыз ойран болып, «қантөгіске бармасак жарар еді» деп ойлап келе жатыр

едім. Үлкен дауды төрт шүберекпен шештіңіз. Енді елге қайтармыз. Ал сіздің көзіңізше төрт шүберек көтерген жұмбағыңызды жігіттеріме түсіндірейін. Өйткені бұлар оны түсінбегені анық.

Ал жігіттер мына кісі — бәрін білетін Естемес деген би. Бұл би көп нәрсені аз сөзбен, аз қимылмен түсіндіре алатын жан. Ақ шүберек көтерген — «мен арбада жалғыз жатырмын. Арбаға сойыл оңтайлап, қылыш кеземей жақындандар» дегені. Көк шүберек көтергені — «көктегі Алладан үмітің болса, ымыраға кел» дегені. Көктен кейін қызылды көрсеткені — «егер Алланы ұмытып, ұрыс салар болсаң, сен төккен қанда мен төгемін» дегені. Ал соңғы көрсеткен қара шүберегінің мәнісі — «қан майдан боп ұрыссаң, сен де өлесің, мен де өлемін, бұдан елді қара жамылдырғаннан басқа не опа табамыз» дегені. Болды, осымен дауымыз бітті».

— Е-е, ол да бір заман екен — ау, — деп күбірледі би осыны еске алғанда. — Сөз мәнісін ұғатын небір жақсылар өтті-ау. Енді мына адамдар арасында сондайлар бар ма?

Осыны айтуы мұн екен, жүрегінде өзімен бірге әлі жасап келе жатқан арман-мақсат бас көтеріп, қамыққан ойға берілді. Бұл күнде үш-төрт мәрте ойлап, одан шығатын ешқандай қорытынды таппай қиналатын қазақ азаттығы туралы ой еді. Бүгін де соны ойлап шаршайды. Күрсінді, торықты.

Содан кейін өз балалары мен туған туыстары жайында ойға көшті. Атадан алтау тусан да, бір жалғыздық басында. Бұл сөздің астары басқаны мензеп тұрғанымен атадан алтау туған Естемес жалғыз. Алтаудан аман қалған Жартыбай інісі де екі-үш жыл бұрын дүниесін салған. Өзінің Сақ, Әбсаттар, Мәулен, Дәулен, Қаппар, Жаппар алты ұлы бар-ды. Дәуленді, Жаппарды Алла ертерек алды. Қалғандарының бәрі ер жетті. Алдындағылардан екі-үш баладан бар. «Қайсысы менің жолымды қуар екен? Сақ момындау, Әбсаттар білімге құмарлау, Қаппар нағыз палуан болмаса нетті. Ал Мәуленім жанып тұр. Балаларымның ішінде ел аузына осы ілігеді-ау. Бірақ көзіндегі от тым-тым қалыңды. Өмірі тым қысқа болмаса екен...»

Би бұлақ басында тағы едәуір уақыт отырды. Қолын қойнына салып, баяғыда губернатор Гродеков сыйлаған сағатты алды. Бұл сағатты тасып жүргеніне бірталай жыл болды. Ұқыпты ұстағаннан ба, еш бұзылмайды.

Уақыт бесін намазына жарты сағаттай қалыпты. Би сол намазын Ақбура әулиенің басына барып оқымақ боп, атына мінді. Әлден соң Атбұлақ бастауының үстіндегі жотаға шықты. Атының басын тартып, Қазығұрт алдындағы қен алапқа көз салды. Аяқ астында дала мұнар тартып жатыр. Сағымды мұнар.

— Менің арманым да осылай сағым күйінде қалды-ау, — деп дауыстап сөйледі. Сөйті де Қазығұртқа қарап айқай салды: — Ей, Қазығұрт, қазақ қашан бостандық алады?!

Қарт Қазығұртта үн жоқ. Бұл сұраққа жауап болатын сөз Естеместің көкейінде де жоқ...

Атын Ақбураға қарай бұрды. Өмір бойы биік мұратты ансаған, Қазығұрт өнірінде күллі елді аузына қаратқан дүлдүл шешен, сұңғыла да дара би әулиеге қарай биік жотаның үстімен кетіп бара жатты...

...Естемес! Сенен кейін Қазығұрт өлкесінде дәл өзіндей санлақ би әлі туған жоқ...

**Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ.**



Жамбыл ҚАППАРУЛЫ

Қапал мен Шегір қыз алысатын екі руға айналғанда, әр руға бір болыс сайлау қажеттігі туып қалған кез еді. Бұл уақытта Қазығұрттағы әмбе жанысқа Ордабек болыс-тын. Қапал мен Шегір дербес екі руға айналғанда қайта сайлау өтіп, қапалға Жүндібай, шегірге Естемес болыс болды. Бірақ тағы екі жылдан кейін Естемес өз орнын туысы Сүгірәліге беріп, болыстық қызметін тастады. Алайда орыс тәртібі мен далалық қағида бойынша ғұмыр кешкен қазақтың, оның ішінде Қазығұрт қазақтарының билігі Естеместің қолынан кеткен жоқ. Ордабек те, Жүндібай да, Шарапханадағы Сәбек те, Жанабазардағы Нұржан да, Оймауыттағы Тұрта да болыстық қызметтерін кенес өкіметі орнағанша алып жүргенмен, ел ішіндегі түрлі дау-дамайларды Естемессіз шеше алмайтын.

...Сол Естемес міне, сексеннен асты. Сенгірлі жастан асса да әлі тын. Тын дегені — өзі атқа мініп, өзі түсе алады. Жады жақсы. Сөз ләмі бұзылмаған. Бірақ осынша ұзақ ғұмырын бір сәт тыныш өткізбеген би қанша дегенмен қажыған. Алыс сапарға шықпайды. Дауға араласпайды. Дау демекші, қазір сөзбен шешіп шешендігімен басатын дау да жоқ. Өкімет ауысып, билікке қызылдар келгелі екі-үш жылдан бері жұрт, халық арасындағы барлық жанжалдардың ірілі-ұсақтығына қарамай, балшабектер шешетін болған.

Үш заманды атап айтқанда, коқан заманын, ақ патша заманын, енді, міне, жаңа орнаған қызыл балшабектер заманын көзімен көрген қария би, бұл күндері өткен күндер естеліктерімен күн кешетін болған.